



ТӨЛ ТЕҢГЕНІҢ
ТҰҢҒЫШ СУРЕТШІСІ

2
бетте



«СЫР БОЙЫ» ГАЗЕТІ ЖАҢАША
КЕЛБЕТКЕ ИЕ БОЛДЫ

4
бетте

Сыр бойы

5

қараша
сейсенбі

2013 ЖЫЛ
№165 (18664)

Қызылорда облыстық газеті

1929 жылдың
1 шілдесінен шығады

www.syrboyi.kz



Кеше Мемлекет басшысы
Нұрсұлтан Назарбаев Президент
Әкімшілігінің қызметін жетілдіру
мәселелеріне арналған
кеңес өткізді.



ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

Кенесте Нұрсұлтан Назарбаев Президент Әкімшілігінің идеологиялық, аумақтық-ұйымдастыру және экономикалық бағыттар аясындағы тиімді жұмысын жолға қоюдың маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы таяуда Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмалар бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, олар бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялануы керектігін тағы да еске салды.

— Аппарат мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысын бақылап, кемшіліктерді айқындауға және оларды тиімді іске асыру жөнінде нақты шараларды белгілеуге тиіс. Үкіметтің кеңейтілген отырысында менің тарапымадан айтылған сындардан тиісті қорытынды шығарылуы керек. Бұл бағыттарда қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны, кімдер жауапқа тартылғаны және жазаланғаны туралы әрбір факт бойынша халық алдында есеп беріп, БАҚ-та жариялау жөнінде тапсырма берілген болатын. Мен айтқан сын бойынша тек «Тұрғынүй-құрылыс» жөніндегі жағдай жөніндегі деректер ғана айтылды, өзге ешқандай ақпарат болған жоқ. Тіпті, бұл ретте менің тарапымадан айтылған сынның бір бөлігі газет беттерінде де көрініс таппаған және теледидардан да берілмеген. Сондықтан әркімнен тек өз бағыты бойынша бағдарламалардың орындалуымен ғана емес, сондай-ақ Үкіметтің, министрлер мен ведомстволардың жұмысындағы кемшіліктерді жою жөніндегі барлық нұсқаулармен орындалуымен қатаң түрде жұмыс жүргізуін талап етемін, — деді Мемлекет басшысы.

Бұған қоса, Қазақстан Президенті еліміздегі патриоттық тәрбие мен діни ахуал саласындағы жұмыстардың тиімділігі кеміші түсіп жатқанын атап көрсетті.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг және талауды жүргізу бөлігінде Президент Әкімшілігінің қызметін жақсарту қажеттігіне тоқталды.

— Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторлары облыстардағы ахуалды толық білмейді. Олар өз өңірлеріндегі барлық әкімдерді, ауылдық әкімдерді жүзбе-жүз танып, әрқайсысының жұмыс ерекшелігін ажырата білуі тиіс. Мемлекеттік инспектордың жұмысы барлық істен хабарлар болу үшін де істеледі. Мысалы, Батыс Қазақстан облысына сапар барысында мемлекеттік инспектор қажетті ақпараттың бәрін білмейтін болып шықты. Ол жаңадан келген адам болуы мүмкін әрі бәріннің қыр-сырын терең игеріп үлгермеген шығар. Бірақ соның өзінде оларда өңір жөнінде жергілікті атқарушы билік қызметіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді, сондай-ақ проблемалар мен іске асырылып жатқан жобаларды қамтитын толық ақпарат болуы керек. Олай болмаған жағдайда олардың атқарып отырған лауазымына сәйкестігі жөнінде белгілі бір қорытынды жасау қажет болады, — деді Қазақстан Президенті.

Кенес қорытындысында Мемлекет басшысы қаралған мәселелерге және биылғы жылдың соңына дейін жоспарланған қоғамдық маңызы бар іс-шараларға тиімді ұйымдастырушылық-ақпараттық қолдау көрсетуге қатысты бірқатар нақты тапсырмалар берді.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП

ЖАУАПТЫЛАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Сенбі күні Премьер-министрдің орынбасары – ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтқан өскертүлеріне қатысты кезекті мәжіліс өткізді.

Мәжілісте Индустрияландыру картасындағы проблемалық жобалар да сөз болды. Өткен жылы мұндай жобалар 35 болса, арнайы қабылданған шаралардан кейін оның саны 13-ке дейін қысқарды. Жұмыстағы кемшіліктерді үшін 19 адам жазаланып, 3 адам жұмыстан босатылды (Ақмола облыстық ОКБ басшысы, «КР» АҚ басқармасының төрағасы, «СП» «Сарыбай» БҚ» ЖШС бас директоры).

Әсет Исекешев әкімдердің өңірдің инвестициялық мүмкіндіктерін ашуындағы және бизнес пен инвесторларға қолайлы жағдай туғызуындағы жұмыстарының нашарлығын атап айтты. Әкімдердің Индустрияландыру картасына ұсынатын жобаларының сапасы төмендігі байқалып отыр. Мысалы, ІЖТМ картаның соңғы актуализациясы кезінде инновацияшылдығының төмендігі мен ҮИИБ максаттарына сәйкес келмейтіндігі үшін ұсынылған 200 жобаның жартысын қабылдамай тастады. Вице-премьер Атырау, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Маңғыстау облыстарының әкімдеріне жоғары технологиялық жана жобалар іздеуді күшейтуді тапсырды.

Сондай-ақ, Қарағандыдағы ұшақ жасайтын проблемалық жобаға және ОҚО-дағы тоқыма фабрикасын шикізатпен қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударылды. Маңғыстау облысындағы планшеттік компьютер жасайтын жоба да проблемалық болып есептеледі, ол бойынша құқық қорғау органдары тексеру амалдарын жүргізіп жатыр.

Мәжілістің қорытындысы бойынша, вице-премьер Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстарының әкімдеріне аталған жобаларға жауапты шенеуніктерді атқарып отырған лауазымдарынан босатуға дейінгі жазалау шараларын қолдануды тапсырды.

Индустрияландыру картасында күні 11,5 трлн. теңгеден асатын 872 жоба бар. Картадағы барлық жобалардың басым бөлігі жеке қаражат (73,5% — жеке бизнестің өз қаржысы, қазақстандық және халықаралық даму институттары мен банктің заңмендік қаржысы) есебінен жүзеге асырылады. Облыс әкімдері 829 жобаны жүзеге асыруға жауап береді. 3,5 жыл ішінде күні 2,1 трлн. теңге болатын 563 жоба пайдалануға берілді. 61700 тұрақты жұмыс орны ашылды.

ЖАҢА ЖОБАЛАР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Орталық коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте Елбасы тапсырмаларының орындалуы туралы «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы Дулат Айтжанов БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.

Жалпы, «ҚазАгро» Холдингі аграрлық саланы қолдауға 1,2 трлн. теңгеден астам қаржы бағыттады.

Холдингінің жиынтық несиелік портфелі 330 млрд. теңгеден асып түседі, бұл көрсеткіш ауылшаруашылық кешенін несиелендірудің барлық көлемінің 50 пайызын құрап отыр.

Холдингі бағдарламалары арқылы 15 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылып, соның ішінде 2 мың жана жұмыс орны құрылған. Ағымдағы жылы холдингі несиелеу жүйесінің тиімділігі мен қолжетімділігін қалыптастыру үшін үш негізгі бағытта жұмыс істеді.

«Холдингі негізгі бағыты — «Агро-бизнес-2020» бағдарламасына сәйкес ауылшаруашылық тауар өндірушілерді

мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру болып отыр, — дейді Басқарма төрағасы. Сонымен қатар, холдингі қарыз алу рөсімін жеңілдету мен мерзімін қысқарту мақсатында жана несиелік өнімдер мен несиелеудің жана механизмдерін қалыптастыру бағытында да жұмыс жасап келеді.

«ҚазАгро» Ұлттық Басқарушы Холдингі Мемлекет басшысы айтқан кемшіліктерді түзету бойынша бірқатар шараларды қолға алғанын жеткізген Дулат Айтжановтың айтуынша, қазіргі уақытта 160 млрд. теңгені құрайтын 243 жоба пайдалануға берілген. Ал жыл соңына дейін тағы 68 инвестициялық жоба беріледі деп жоспарлануда.

● ФОРУМ

КӘСІПТІК БІЛІМ ЖӘНЕ БИЗНЕС

Өткен жұма күні Әйтеке би кентінде «Кәсіптік білім және бизнес: әріптестер сұхбаты» деп аталған IV облыстық форум болып өтті. Форумның жұмысына облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова қатысып, мәжілісті жүргізіп отырды.

Келелі кенеске қазылықтар тыңғылықты әзірленіпті. Ұрпақтар сабақтасын жаңғыртқан білім ордасы ерекше мерекелідей безендірілген. Аумақты алаңға түрлі көрмелер, жас өнертапқыштар дайындаған бұйымдар қойылыпты. Білікті мамандардан жасқалған комиссия мүшелері әрбір затты сараптан өткізуде. Бізді Қазалы агротехникалық колледжінің студенттері ойлап тапқан стартер ақауын анықтайтын стенд қатты қызықтырды. Мұнан өзге де жан жадыратар жанадықтар мол екен. Көлік-техникалық колледжінің шебері Еділ Ешнянздар арнайы шеберханада түрлі тұтыну тауарларын дайындалатынын естідік.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын, тиімділігін арттыру, инфоқұрылымын жаңарту, дамыту, ғылыми-әдістемелік, кадрлық қамтамасыз ету, басқару, қаржыландыру жүйесін жетілдіру, әлеуметтік серіктестікті дамыту, өзге де талаптарға бейімделген форумның секциялық жұмысы бірнеше бағытты қамтыды. Оған байырғы басшылар, тәжірибелі мамандар модераторлық жасады. Сондай-ақ «Камкор вагон» ЖШС студенттердің өндірістік тәжірибесі таныстырылды.

ТЖКББ дамытудың өңірлік кенесінің мүшелері, техникалық, кәсіптік білім беретін оқу орындарының басшылары, сала ардагерлері, әлеуметтік серіктестіктер, басқа да меймандар қатысқан пленарлық мәжілісте облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Наурызбай Байқадалов кең сипатты баяндама жасады. Кенесте Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Сұлтан Махамов, ардагерлер кенесінің төрағасы Оразғали Бекбанов, Арал балық өңдеу зауытының технология



Роза Ашкенова, Қазалы көлік-техникалық колледжінің директоры Болат Ахметов және басқалары өз пікірлерін білдірді. Форумда техникалық және кәсіптік білім жүйесінің үйлестіру мақсатында құрылған облыс әкімі жанындағы аймақтық кеңестің облыс экономикасына керекті мамандар даярлауда тиянақты тірілістерді қолға алғаны, дуалды оқытуды енгізуде жергілікті ірі өндіріс орындары, шағын және орта бизнес компанияларымен жасалған меморандумдардың ықпалы зор екендігі аталып өтті. Бұл бағытта облыстық білім басқармасы, білім беру ұйымдары, әлеуметтік серіктестіктер үш жақты келісім-шартқа отырған. Сонымен қатар оқу орнын бітірген түлектерді тұрақты жұмыспен қамтуға, білім ошақтарының мамандануына, материалдық-техникалық базасын, кадрлық әлеуетін шоғырландыру арқылы маман даярлаудың сапасын арттыруға басымдық берілетіні, нәтижесінде оқу орындарын салаландырудың бірінші кезеңінде алауға оқу жылына бірнеше оқу орындарында қатар даярланатын мамандықтар бойынша мемлекеттің тапсырыс қысқартылып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті жана мамандықтарға жол ашылған.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Елімізде жүзеге асып жатқан мемлекеттік бағдарламалар көптеген күрделі мәселелердің шешім табуына негіз болды. Бірнеше саланың шатқаяқтаған тірлігін төрге сүйреп, өрге шығарған осы бағдарламалар екені даусыз. Миллиардтаған қаржы құйылған бастамалардың беталысы жаман емес, игілігін халық көруде. Бірақ, «елге болсын» деп бөлінген қазына қаражатын ысырап ету деректері бүгінгі қоғамның көзіне шыққан сүйел сияқты. Бұқаралық ақпарат құралдарынан «жеп қойыпты, ұсталыпты» деген мәліметтер күнделікті ауа райын хабарлағандай айтылатын болды.

ҚАЗЫНА ҚАРЖЫСЫ СҰРАУСЫЗ ЕМЕС

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА

Бейсенбіде журналистердің басын қосқан облыс бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті (қаржы полициясы) бастығының бірінші орынбасары Нұржан Сейдалиев жыл басынан бері аймақта орын алған жағдайларға тоқталды. Қаржы полициясы анықтаған сыбайлас жемқорлық сипатындағы 87 қылмыстың 67-нің тереуі өндірісі аяқталған. Айыптау қорытындысы шығарылған 60 іс сотқа жолданған. Тоғыз айдың ішінде мемлекеттік сатып алуындағы сыбайлас жемқорлыққа

қатысты 13 қылмыстық іс қозғалды. Мемлекеттік бағдарламаларға бөлінген қаржыны талаан-тарағқа салғандарға 8 қылмыстық іс тігілген. «Қолжетімді тұрғын үй-2020», «Аймақтарды дамыту» бағдарламаларынан «үлес» алғысы келгендер мемлекетке 39,9 млн теңге залал келтірген.

Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі өткізген Сұлтан Бейбарыс көшесіндегі №8 тұрғын үйдің құрылысын салу конкурсын жеңіп алған «Н.С.С-КЗ» ЖШС-ның лауазымды тұлғалары қараша-желтоқсан айларында 28,8 млн.

теңгенің жұмыстары толық атқарылмаса да, 80 млн. теңгеге жалған қабылдау актілері толтырылған құжат тапсырған. Ал қалалық құрылыс бөлімінің бас маманы Б.Е. осы құжаттарға қол қойған. «Н.С.С-КЗ»-тің лауазымды тұлғаларына қатысты қылмыстық іс алынды ал тереуі кезінде залал өндірілгендіктен қысқартылды.

Департамент қалалық құрылыс бөлімінің тағы бір бас маманы Д.Д. «Сыр құрылыс» ЖШС директоры Т.А. «Стройтехнопроект КЗ и К» ЖШС техникалық қадағалаушысы Ж.Б.-ға қатысты қылмыстық істің тереуін аяқтады.

2-бет

● ҚАБЫЛДАУ

Өңірімізге ҚР Орыс православие шіркеуі митрополиттік округінің басшысы, Астана және Қазақстан митрополиті Александр келді. Құрметті мейманды облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова, Шымкент және Тараз архиепископы Елевферий, Қазан шіркеуінің Қызылордадағы протоиерейі Виталий Ивашинин күтіп алды. Екі күндік сапарында қаланың бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып үлгерген митрополит Александр облыс әкімінің міндетін атқарушы Нұржан Әлібаевтың қабылдауында болды.

ДІНАРАЛЫҚ ӨЗАРА КЕЛІСІМ ҮЛГІСІ

Елімізде Православие өз ұстанушылары жағынан Исламнан кейінгі екінші діни конфессия болып табылады. Республика бойынша 271 православ діни бірлестігі тіркелсе, оның ішінде 261-і шіркеу, 9-ы епархия және республикалық бірлестік мәртебесіндегі митрополиттік округ. Бүгінгі таңда осындай әрқилы конфессияның өкілдері мен сан ұлттар мекен еткен Қазақстанда дінаралық өзара сыйластықтың игі дәстүрлері орнықты.

Қабылдау барысында Нұржан Әлібаев еліміздің қазіргі қарқынды даму мүмкіндіктері әрбір дінге бірдей көзқарас танытуға жағдай жасайтынын тілге тиек етті. Сонымен қатар, Сыр өңірінің тарихы тереңде жатқанын айта келе, киелі мекеннің Қазақстан мен Ресей арасын байланыстырушы орталыққа айналғанын мақтанышымен жеткізді. Өз кезегінде сөз алған құрметті қонақ Елбасының кеменгер саясаты арқасында елімізде бейбітшілік пен тыныштық орнап отырғанын айтты. «Бізге шіркеулер, костелдер мен синагогалар қатар бой көтеруде. Елорда әлемдік діндердің диалогы өтетін танымал орталыққа айналды. Жақында Астанада Орталық Азиядағы ең ірі кафедралды собор ашылды. Ұлт басшысымен кездесуде біз өрқашан рухани жағынан үлкен күш аламыз. Ол кісі құстың екі қанатындай болған ислам және православ діндерінің кең қанат жаюына көп көңіл бөліп келеді», — деді Астана және Қазақстан митрополиті Александр.

Қабылдау соңында Н.Әлібаев меймандарға өңірдің символына айналған Байқоңыр ғарыш айлағы кешенінің мәкетін сыйға тартты. Қонақтар да өкелген көделерін өңір басшыларына ұсынды.

Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.

Сыр бойы



газетіне
2014 жылдың
бірінші жарты-
жылдығына
жазылу жүріп
жатыр

Басылымның алты айға жазылу бағасы: жекелер үшін — 2750, мекемелер үшін — 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін — 2500 теңге. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.

млрд. теңге қаралған. Бұл қаржының тоғыз айда 98,5 пайызы игерілген. Осындай жұмыстар «Балапан» бағдарламасы аясында да жүзеге асырылған. «Ақбұлақ» бағдарламасына орай халықты таза ауыз сумен қамтамасыз етуге де бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылған.

«Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы шеңберінде инфрақұрылымдар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту есебінен жұмыспен қамтамасыз ету, ауылда кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс орындарын құру және тірек ауылдарды дамытуға және жұмыс берушінің қажеттілігі үшін оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге барлығы 9,3 млрд. теңге қаралған. Осы қаржының өткен тоғыз айда 93,3 пайызы игерілген. Жалпы, мұнан басқа «Агробизнес-2020», Өңірлерді дамыту секілді тағы да басқа бағдарламалар бойынша да қомақты қаржылар бөлініп, оны игеру жолында қыруар істер жүзеге асырылған.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.